

MPHTI03.20.11

<https://doi.org/10.63051/kos.2024.4.76>

¹Батырхан Б.Ш.  *²Чокатова А.М.  ³Әмірбекова С.К. 
^{1,2,3}Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан
E-mail: ¹hafizbolat@mail.ru, ²ch.aliya@mail.ru, ³sagynysh.amirbekova@mail.ru

МОҢҒОЛ БИЛІГІ КЕЗІНДЕГІ ИРАН ӨРКЕНИЕТІНІҢ ЖӘНЕ БІРЕГЕЙЛІГІНІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

Аңдатпа. Моңғол шапқыншылығының бастапқы кезеңдерінде Иранның мәдени өмірінде үзіліс орнағанымен, Илхандық үкіметтің құрылуымен ирандық-исламдық ой мен мәдениеттің ішінара қайта жандануын зерттеудің жаңалығы ретінде қарастыру көзделді. Өйткені, арабтардың Иранға шабуылы, Сасанидтердің күйреуі және исламның пайда болуы ирандық болмыстың саяси және діни ынтымақтастығының негіздері мен тұтастығын әлсіретті. Ислам үкіметі Иранның этникалық және ұлттық үкіметін ауыстырды, ал әлемдік ислам діні үш ғасыр ішінде Иранның зороастризм дінінің орнына орнықты. Ираншахр немесе Иран патшалығы да күйреді. Иран елі бірнеше ғасырлар бойы, яғни Илхандар билегенге дейін және әсіресе Сефевидтер әулеті билігінің көтерілуіне дейін саяси бірлігі барынша әлсіреді. Мақаланың мақсаты-Илхандық билеушілерді иран халқын бөтен мәдениет ықпалынан құтқарушы, ирандық ұлттық болмысты қайта қалыптастырушы ретінде қарастыру. Илханидтер Ирандағы өз биліктерін заңдастыру үшін моңғол, иран және исламдық үш дискурстық стратегияны пайдаланды. Осы тұрғыда, илханидтердің Иранның интеллектуалдық және мәдени мұрасын сақтау мен жаңғыртуда маңызды рөл атқарғанын атап өту орынды. Сол себепті, Илхандық дәуір Иранның мәдени саясатында үлкен өзгеріс әкелген Иран өркениетінің іргелі аспектілерінің бірі болып саналады. Мақалада осындай бірегейлік дискурстарды қалыптастырудың негізгі элементтерін анықтауға мүмкіндік беретін факторлық, мәтіндік талдау әдістері қолданылды. Мақалада келтірілген нәтижелер зерттеушілерге Илханидтер дәуірінде алғаш рет ирандық болмыстың әртүрлі аспектілерін көрсету үшін қолайлы платформа мен контекст қамтамасыз етілді деп айтуға болады деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Осылайша, тарихта моңғолдар шабуылының кейінгі кезеңдері Иран мәдениеті мен өркениетіндегі кері шегіністің бір түрі болды дегенмен, ақиқатында, басқа тілдің, мәдениеттің ықпалында қалған Иранның өзін қайта танып, ұмытылып бара жатқан ұлттық бірегейлігінің, тұлғалық болмысының қайта қалыптасуына, тілінің, мәдениетінің қайта жаңғыруына негіз болғанын қарастыру-мақаланың негізгі идеясы болып табылады.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ватиканның және Батыс Еуропа елдерінің жаңа құнды материалдары бойынша Түркі әлемінің ерте және ортағасырлық тарихы мен мәдениеті» (BR24993132) тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды.

Түйін сөздер: Илхандық билік кезеңіндегі ирандық ұлттық бірегейлік, ұлттық болмыс, ортағасырдағы Иран, Ирандағы моңғол дәуірі, Хулагухан, Илханидтер.

Кіріспе

Ирандағы Илхандық билікті үш кезеңге бөлуге болады. Иранның алғашқы жартылай жаулап алынуы-мәдени құлдырау кезеңі болып табылады. Екінші кезең, Иранды толық жаулап алу ниеті Хулагудың шабуылымен басталып, Байду билігіне дейін жалғасты. Бұл діни детерминизм дәуірі, әрі Яса заңдарына сүйене отырып, мемлекет істерін басқаруға талпыну кезеңі. Ғазан хан билігінен Илхандық дәуірінің соңына дейінгі үшінші кезең Иран

ислам мәдениетінің үстемдік етуі мен иран мәдениетіне бейімделуге күш салу кезеңі деп қарастырылады. Илхандарға қоғамдық тәртіпті құру және өздерінің саяси мақсаттарын жүзеге асыру үшін бәсекелестері мен халық алдында заңдылығына кепілдік беретін саясатты жүзеге асыру қажет болды. Шыңғыстың зорлық-зомбылық шабуылдарынан қалған ирандықтардың санасындағы ауыр естеліктері Илхандарды психологиялық-әлеуметтік қиын жағдайда қалдырды. Сондай-ақ, екі моңғол ұлысының – Жошы мен Шағатайдың қысымынан басқа, мұрагерліктің ішкі тартыстары мен даулары аумақтық тұтастық пен үкіметке қауіп төндірді. Екінші жағынан, Мысыр мен Шам аймақтарындағы мәмлүктердің билігі Илхандардың осы аймақтарға қол жеткізу туралы көптен бергі арманына кедергі болды. Хулағудың Аббаси халифатын жоюы және оның мәмлүк жүйесінде қайта жандану әрекетінен кейін, бұл бәсеке ислам әлемінде егемендікке қол жеткізуде жоғары маңыздылыққа ие болды. Сондықтан, Илхандар әртүрлі мәдени саясаттарға жүгіну арқылы заңдылыққа қол жеткізуге тырысты. Моңғолдардың ата дәстүрінің орнына ислам өркениетіндегі билік дәстүрін қабылдау Ғазан ханның алдына жаңа стратегияларды қойды.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Илханидтер дәуірінің тарихшылары Иранның сол кездегі дүниежүзілік тарихтағы орнын жаңғыртып, қайта баяндауға тырысты. Дәл осы себепті, Ходжа Рашид ад-Дин Фазлулла Хамаданидің (1328 жылы қайтыс болған) «Жами ат-Тауарих» шығармасы Иранны билеген Моңғол илханидтері тұсында жазылған дүние жүзіндегі алғашқы жан-жақты тарих ретінде қарастырылады.

Әбу Сүлейман Банактидің «Тарихы» (х.ж.с. 1330 жылы қайтыс болған), «Маджма әл-Ансаб Шабанкарей» (х.ж.с 1333 қайтыс болған), Мұхаммед Нахжаванидің «Дестор әл-Катиб» (х.ж.с 1336 жылы қайтыс болған), Хамдулла Мостофидің «Таңдамалы тарих» сияқты басқа да тарихи еңбектері (х.ж.с 1349 жылы қайтыс болды) және «Матла әл-Саадин» Абдул Раззақ Самарқанди (х.ж.с 1371 жылы қайтыс болды) да Иранның ұлттық бірегейлігі және соған байланысты түсіндірмелер туралы бірнеше рет айтады. Сондай-ақ, Таджуддин Хасан Йездидің (х.ж.с 1453 ж. қайтыс болған) «Әт-Тауарих Хасани» және Мир Ханвандтың (х.ж.с 1497 ж. қайтыс болған) «Рауза ас-Сафа» атты шығармаларын да атап өтуге болады.

Ирандық және ираншылдық ойының сабақтастығын сипаттау мен талдау тұрғысынан Насраддин Бейзауидің (х.ж.с 1316 жылы қайтыс болған) «Низам әт-Тауарих» және Хамдулла Мостофидің (х.ж.с 1349 жылы қайтыс болған) «Тарих-е Гузиде» атты шығармалары үлкен рөл атқарды.

Ұлттық бірегейліктің әлеуметтік факторларын зерттеудің әдістемелік негізі жалпы ғылыми және статистикалық әдістер кешенін қамтитын жүйелік талдауды қолдану болып табылады. Бұл тәсілді қолдану ұлттық бірегейліктің дамуына әлеуметтік-мәдени факторлардың жағдайлары мен ықпалын жан-жақты қарастыруға және логикалық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

Талқылау

Илханидтер дәуірінде тарихнаманың дамуы Илханидтердің қолдауымен, олардың заңдылық дискурсын қалыптастыру мақсатында өсті. Иранның эпикалық хикаяларын моңғолдар тарихымен байланыстарын көрсету арқылы билікті заңдастыру мақсаты «Шахнаманың» моңғол тарихы жобасының жүзеге асуына ықпал етті. Фердоусидің «Шахнамасы» мен Ираншаһр ойының мифологиялық және тарихи үлгілері Илханидтердің болмысы мен іс-әрекетін қайта анықтауды заңдастыру үшін қолданылды. Дәл осылай, Ғазанның бұйрығымен жазылған «Джами ат-Тауарих» те, Әбу Саид Илханидің бұйрығымен жазылған Ахмад Табризидің шығармасы да, «Тарихи Ғазани» деген атпен белгілі болған Шыңғыстың Шахнамасы немесе Шамс ад-Дин Кашанидің Шахнамасы да Фердоусидің

«Шахнамасының» өлеңдерін Илханидтердің заңды тұлғасын қайта анықтау үшін пайдаланылды. Илхандарды тарихи немесе мифологиялық оқиғалармен байланыстырып, моңғол және иран халқы арасындағы байланысты қалыптастыру моңғолдарды идеалды ирандық патшалар түрінде көрсетуге итермеледі. Осы мақсатта, кескін өнерін қолдана отырып, бір бөлігінде Илханидің ұлтаралық қақтығыстардағы жеңістері мен олардың ішкі саясатын көрсететін жағдайлар бейнеленсе, енді бір бөлігінде Шах Армани («Шахнама» кейіпкері) кейпіндегі олардың тұлғасын көрсететін жағдайларға арналған. Суреттерде Шахнаманың жақсы және жағымсыз патшалары мен Илханидің жақсы және жағымсыз патшаларын салыстыруға әрекет жасалады. Суреттердегі бейнелеулер арқылы, Илхан билеушілері ежелгі Иранның қуатты және әділ патшаларымен көрермен санасында параллельдік туғызып, өз беделдерін заңдастыру дискурсын қалыптастыруды көздеді. Ғазан хан Ислам Илханының басшысы ретінде және заңдылыққа ұмтыла отырып, Ұлы моңғол ханның саяси бағынуынан тәуелсіз әлемге енді. Одан кейін, осы моңғол илханы тұсында исламның ресмиленуі діни дискурс ретінде маңызды болды. Сондықтан, Ғазан ханға ерген кейінгі моңғол билеушілері Аббаси халифтерінен діни тәуелсіздігін сақтап қалу үшін және өздерін дербес саяси-діни билеуші, мұрагер ретінде көрсету үшін ирандық болмыстың тұлғалық ерекшелігін айқын көрсету қажеттілігі туындады. Өздерінің ұлттық және діни дискурстарын тұрақтандыру үшін оларға осы жаңа мақсаттарды заңдастыратын құрал қажет болды. Билік стилінің бұл түрленуінде билеушілер билік құрылымында жұмсақ өзгеріс іздеді, сондықтан заңды билік бұрынғы қарым-қатынастарды жойып, ирандық ұлттық идеяларға сүйеніп, «Шахнамаға» жүгініп, айрықша өзгерістерге қадамдар жасады [Afhami, Javani, Mehrnia, 1396:57-64].

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, Илханның жеке басын және билігін Ираншахрдың стандартты патшасы кейпіне келтіре отырып, оны ирандықтардың санасында заңдастыру үшін ирандық дискурсты пайдаланған. Сондай-ақ, осы кезеңде Илханидтердің ислам әлемінде артықшылыққа жетудегі және Ислам мұсылмандарымен бәсекелесудегі өршіл мақсаттарын ескере отырып, исламдық дискурс концепциялары қарастырылды [Shamsi, Shateri, 1400:55-78].

Зерттеу нәтижелері

Қазіргі сындарлы дәуірде Иран ирандық болмыс мәселесіне тоқталып, Иран ұғымының көнелігі мен көне негізін растау үшін парсы тарихи және әдеби шығармаларынан шынайы әрі сенімді мәтіндік дәлелдерді табуға тырысады. Осы тұста, Илхани дәуірі ирандық болмыстың жаңғыруы мен жалғасуы және Ираншахр идеясының қайта қалыптасуын қарастыру осы зерттеудің негізгі мәтіндік бөлігін құрайды. Сонымен қатар, Иран мәдениетін діни тұрғыдан қолдау, ирандықтардың көзқарасы бойынша әлеуметтік дәстүрлер мен заңдылық идеясына назар аудару және олардың билігінің соңында өнер иелерін қолдауға тырысу бүгінде өнер деп аталатын жарқын мәдени дәуірдің пайда болуына әкелді. Сонымен қатар, илхандық үкімет Иранның басқа салаларына көптеген өзгерістер жасағаны төменде айтылады: әкімшілік жүйені өзгертті, басқару тәсілін өзгертті және сауданы дамытып, Иранның өндіріс орталықтарын нығайтты, шетел саясаты мен Еуропамен сауданы дамытты, Тебризде Венециялық сауда үйлерін құрды және Иранның суретшілері мен қолөнершілеріне, тарихшылары мен ақындарына қолдау көрсетті. Мұның нәтижесінде, Илхани билеушілер де басқа үкіметтер сияқты өзінің үстемдігі мен билігін заңдылық арқылы сақтауға тырысқаны түсіндіріледі [Ramezan Narges R, 1389:106-118].

Илханидтер билігі кезіндегі сауда және сыртқы қатынастар.

Моңғолдардың экспансиясы мен Азияның едәуір бөлігін жаулап алуынан кейін экстенсивті және әсерлі экономикалық және сауда байланыстары Моңғол империясының құрылуының бұрынғымен салыстырғанда маңызды салдарының бірі ретінде пайда болды және барған сайын көрнекті бола түсті. Бұл арада Алтын Орда мен Илханның географиялық

орналасуы және осы екі режимнің көршілестігі мен жақындығы сауда қарым-қатынастары үшін маңызды фактор болды. Осы кезеңде көптеген аймақтар Моңғол империясының сауда айналымына енгізілді және сауда аймақтық және жергілікті өлшемдерде немесе әртүрлі үкіметтер арасында айтарлықтай жүзеге асырылды. Иранда Илхандар мен Алтын Ордада Батудың ұрпақтарының билеуі және бұл аймақтарда қауіпсіздіктің қайта орнатылуымен бұл елдердің саудагерлері де өз қызметін қайта жандандырды. Иран мен Қыпшақ жазығы және оның көршілес аймақтары арасындағы сауда-саттық айырбас ұзақ уақыт бойы болғанымен, бұл кезеңдегі бұл екі елдің сауда қарым-қатынастарының қарқынды дамуына екі үкімет арасындағы саяси қарым-қатынастардың түрі қатты әсер етті. Саудаға қызығушылық Шыңғыс ханның назарында болғандықтан, оның мұрагерлерінің кезінде жаһандық өлшемге ие болды.

Шыңғыс ханның саясатын жалғастыруда Құбылай қаған дәуірінде империяның аумағын кеңейту және жаулап алуды жалғастыру әрекеті жүргізілді. Осы кезеңде коммерциялық флоттар Қытайдан Батыс Азия мен Еуропаға жету мүмкіндігін тапты. Олар сонымен қатар, Үндістанға, Шри-Ланкаға және Яваға сауда жасауға барды. Құбылай мен Илхандық арасындағы тығыз қарым-қатынас бұл флоттардың Парсы шығанағына енуіне себеп болды және бұл мәселе Ормуз портының дамуында маңызды рөл атқарды. Өйткені әртүрлі аймақтардан, әсіресе Шығыс Азиядан көпестер мен саудагерлердің келуі осы кезеңде бұл аймақтағы сауда көлемін арттырды. Сауда мәселесінде Құбылайдың күш-жігерімен орын алған серпіліске қоса, араб кемелері де сауда қатынастары үшін шығыс порттарына барды. Исламның Оңтүстік-Шығыс Азияға таралуы да осы кезеңде және осы сапарлар кезінде орын алғанын айта кеткен жөн. Сондай-ақ, Еуропаның Қытаймен тікелей сауда қатынасы алғаш рет моңғолдар тұсында болғаны анық. [Gholvand, Gholvand, 1396:112-133]

Илханидтер билігі кезіндегі білім және ғылыми қатынастар.

Илхандықтардың діни толеранттылығы илхандардың Шығыс және Батыс елдерімен айтарлықтай қарым-қатынасына себепші болған ықпалды факторлардың бірі және басқа ислам елдерінен көптеген ғалымдар мен ғылым саласындағы студенттердің сарайға келуіне мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Илхандардың білім беру орталықтарының гүлденуіне, трансферттік ғылымдардың, ашық интеллектуалдық кеңістіктің қалыптасуына, дінге жатпайтын ғылымдардың жандануына және ғалымдар тобының ауқымды белсенділігіне себепші болды. Қоғамдағы әртүрлі діни наным-сенімдерді және одан туындайтын зорлық-зомбылықты жойды. Илхандар билігі тұсында Моңғол империясының түкпір-түкпірінен келген ғалымдар ынтымақтаса жұмыс істей алды [Dehghan Nejad, Foladi, Rahmati, 1401:270-297].

Илхандық дәуірдегі Иран мен Қытай арасындағы ғылыми байланыстар, Иранның Қиыр Шығыспен ғылыми және мәдени байланыстары Иранның, тіпті дүние жүзінің ғылым тарихында ерекше маңызға ие. Моңғол империясы құрылғанға дейін бұл елдердің шалғайлығынан Қытай елінің ғалымдары Иран жеріне аяқ баса қоймаған. Тек осы империяның құрылуы кезінде моңғолдар басып алған Қиыр Шығыс елдерінен кейбір ғалымдар, дәрігерлер, астрономдар, ғалымдар мен өнер адамдары келе бастаған. Хулагудың ізбасарлары, әсіресе, өмір эликсирін іздеген Аргүнның тұсында алхимияны, химияны және басқа да ғылымдарды білетін шығыс ғұламалары сұлтанның сарайына ағылып келіп жатты. Илхандар сарайында Қиыр Шығыс елдерінен келген ғалымдар мен ғұламалардың ғылыми еңбектерін аудару барысында ислам өркениетінде ғылыми кітаптарды аудару ісі жанданды. Осылайша, елде аударма ісі қарқынды дамыды. Бұл кезеңде Қытайдың медициналық және фармацевтикалық білімі Ирандағы ғылым және білім қайраткерлерінің назарын өзіне аударғты деп айтуға болады. Раб-е Рашиди кітапханасында қытай тіліндегі ғылыми кітаптардың болуы да осы білім ошағында қытай тілін жетік меңгерген аудармашылардың болғанын көрсетеді. Сонымен қатар, Илхандардың күшеюімен және Дели сарайына

Хулагудан елші жіберілуімен Илхандар мен Үндістан үкіметі арасында бейбіт саяси қарым-қатынастар құрылды. Ходжа Рашидаддин Камалшири Бакши атты буддистің көмегімен «Джама ат-Тауарих» кітабының Үндістан, Синд және Кашмир тарихы деп аталатын бөлігін жазып шығуы осының айғақ дәлелі бола алады. Үнді медицинасы мен фармакологиясы, қытай медицинасының білімі сияқты осы кезеңнің Иран ғалымдарының назарын аудартты және үнділіктерді Иранға шақыру себебі де осы болған. Осылайша, Илхандар билігі ғалымдарға қауіпсіз ғылыми сапарларға аттануға жағдай жасай алды, сонымен қатар, олар Илхандардың ғылыми орталықтарында оңай жиналып, ғылыми-зерттеу, ғылыми алмасулар жұмыстарымен айналыса алды.

Илханидтер дәуірінен қалған ғылыми еңбектерді және осы кезең ойшылдарының көзқарасын сараптау әрбір ғылым саласының құндылығын, сенімділігін және ұстанымын көрсетеді, алдыңғы ғасырлардан айырмашылығы, логика мен философия Иранның ғылыми ортасының интеллектуалдық атмосферасында үстемдік еткен. Илхандар дәуірінде ұзақ уақыт өткеннен кейін аталмыш зияткерлік ғылымдар тағы да қарқынды даму шыңына көтерілді. Логика ғылымымен бірге философияны да Илханидтер дәуірінің Хожа Насыр сияқты ұлы данышпандары жаңғыртты. Бұл кезеңде логика ғылымының әртүрлі әдістемелері бойынша жаңашыл және оқу орталықтарында оқыту үшін реттелген көптеген еңбектер жазылды. Сондықтан, Илхандар билігін логика ғылымы үшін оқулықтар мен оқу-ағарту кітаптарын құрастыру кезеңі деуге болады. Илхандар аумағынан тыс ислам өркениетінің әртүрлі аймақтарына, Мағрибке және одан кейінгі тарихи кезеңдерге дейін жеткен жазбалар логика ғылымының ұстаздары арасында пайдаланылды [Dehghan Nejad, Foladi, 1393:10-29].

Илхандық дәуірдің басында парсы тілі іс қағаздарды жүргізуге, философиялық пікірталастар мен әртүрлі саладағы ғылыми еңбектерді жазуға дайын емес еді. Парсы тілінде көптеген еңбектерді жазу арқылы немесе еңбектерді осы тілге аудару арқылы және әртүрлі тақырыптардағы еркін әрі жеңіл терминдерді, жеңіл тіркестерді іздеп, қалыптастыру арқылы парсы тілінің ғылыми дәрежесінің көтерілуіне көп күш салынды. Осылайша, ирандық ғалымдардың күш-жігерімен парсы тілі елдің ресми тіліне айналды және Иран үстіртінің тұрғындарын біріктірген иран мәдениетінің ең маңызды элементіне айналды. Осының нәтижесінде, Илхандар билігі тұсында басталған аударма дәстүрі Тимуридтер дәуірінде де жалғасын тапты. Тимуридтер дәуірінде түркі тілдестердің географиялық тұрғыдан басым болуына байланысты, бұл кезеңде парсы тілінен түрік тіліне аударма қозғалысы басталды [Afhami, Javani, Mehrnia 1398:68-70].

Моңғол шапқыншылығы нәтижесінде шалғай елдердегі халықтардың жаппай бір-бірімен араласуына мүмкіндік туды, ірілі-ұсақты үкіметтерді құлату арқылы саудагерлер, жаһанкездер сияқты әртүрлі элеуметтік топтарға Азияға саяхаттауға мүмкіндік берді. Бұл оқиға алдымен ирандықтар мен арабтарды қытайлар мен тибеттермен тоғыстырып, кейін мұсылман мужтахидтерін, будда ламаларын, моңғол сектанттарын және басқа діндер мен секталардың өкілдерін тең дәрежеге қоюға мәжбүр етті. Екінші жағынан, моңғолдар мен илхандардың Еуропа билеушілерімен қарым-қатынас орнатуы саяси және әскери мақсаттарға басымдық берілгеніне қарамастан, батыс ғалымдарының шығыс жерлеріне келуіне мүмкіндік туғызды [Afhami, Javani, Mehrnia 1398:60-68]. Илханидтер дәуіріндегі Иран да ұлы Моңғол империясының бір бөлігі ретінде осы артықшылыққа ие болды және бұл кезеңде Илханид сұлтандарының сарайлары, ғылыми және білім беру орталықтары, тіпті мешіттер ғылыми орталықтарға айналдырылды, ал ғалымдар мен аталған елдердің ойшылдары пікір алмасуға, ғылыми тәжірибе алмасу мүмкіндігіне қол жеткізді [Afhami, Javani, Mehrnia 1398:71-73]. Бұл маңызды даму дінге жатпайтын ғылымдардың қайта жандануы мен Иранның ғылыми қоғамының интеллектуалдық тоқыраудан құтылуында маңызды рөл атқарды. Осылайша, Илханидтер дәуіріндегі интеллектуалдық жүйенің

эволюциясы алдыңғы дәуірлердегі шариғат шектеулері мен басқа да шектеулердің интеллектуалдық ғылымдардан алынып тасталуына себеп болды.

Шын мәнінде, Иранда шииттік Сефеві үкіметінің құрылуына себеп болған тарихи қозғалыс пен орасан зор әлеуметтік-саяси ағымның негізін Илханидтер дәуірінде Ғазан хан мен Сұлтан Мұхаммед Ходабанде және Илхан үкіметінің ирандық элементтері салғанын ирандық ғұламалар мойындаған. Өйткені, Ғазан ханның шииттікке бейімдігі оның мұрагері Олжайтоның шииттік дінді қабылдағанын ресми түрде жариялауы осы діннің Иранда кең етек алуына жол ашып, осылайша, Иран жерінде шииттіктің Сефеві үкіметінің тұсында ресми дінге айналуына алғышарттары жасалды. Өйткені, Илхандықтардың билігінің соңына қарай Иран жерінде шииттік дін үлкен ауқымда тарап кеткен еді. Сондықтан, Илхандық дәуірді Иран тарихының табиғи түрлену кезеңі деп санайды. Шиә ғұламалары Иранның Илхандық кезеңіне осылайша оң баға берген. Өйткені, моңғолдардың келуімен белгілі бір діни ағымның Иранға саяси-діни үстемдігі тоқтап, әртүрлі діни пікірталастардың еркіндігіне жол берілді, осылайша, ғылыми-шииттік ағымдардың еркін өсуіне негіз дайындалды. Илхани сарайында және халық арасында діни пікірталастар мен көзқарастарға еркін кеңістік құрылып, күшті интеллектуалдық, тарихи қолдауға ие болған бұл пікірталастарда шиә ілімі діни пішінге қол жеткізді. Елдегі әртүрлі негізсіз діни ағымдардың насихатталуы азайып, тоқтатылды. Діннен хабары аз қалың жұртшылықтың алдында табиғи түрде шиизм ресмилікке ие болды. Сонымен қатар, иран халқының ұлттық бірегейлік белгілерінің біріне айналған шииттік дін Иранды Мысыр үкіметі сияқты ислам орталықтарынан және басқа да ислам елдерінен осылайша ерекшелендіріп тұрды.

Илханидтер билігі кезіндегі тарихи дереккөздер.

Моңғолдар, Илхандықтар, Тимуридтер дәуіріне қатысты әйгілі еңбектермен қатар, парсы тілінде келесі шығармалардың да маңыздылығы ерекше. Сирадж ад-Дин Джозжани құрастырған «Табақат Насери» парсы тілінде жазылған моңғолдар дәуірін сипаттайтын еңбек. Ол Делиде бас төреші қызметін атқарған. Шежірешілердің көпшілігі осы кітаптан көп мәлімет алған. Бұл еңбекте тіршілік жаратылғаннан бастап, моңғолдардың биліктен кетуіне дейінгі аралықтағы оқиғаларды қамтыған.

«Джаме ат-Тауарих» Хожа Рашид ад-Дин Фазлулла Хамаданидің туындысы. Абақа хан тұсында Моңғол сарайының дәрігерлерінің бірі болған. Арғон, Ғазан, Олжайто хандардың тұсында мемлекеттік қызметте болған. Көзі тірісінде Хожа Рашид ад-Дин жақсы шығармалар тудырып, кітаптар шығарған. Ол Табриздегі Раб-е Рашиди ғылым орталығы мен кітапханасының негізін қалаған. Оның моңғол тақырыбына жазған басқа еңбектерінің қатарында «Солтания» трактаты, «Баян әл-Хақайқ» және «Мифтах ат-Тафасир» еңбектерін атап өтуге болады. «Джаме ат-Тауарихтың» жалпы бірінші том деп аталатын кітаптың бұл бөлімі «Ғазани тарихы» деп аталады. Ғазан қайтыс болғаннан кейін Хожа Рашид ад-Дин сұлтан Олжайтоның бұйрығымен тарих жазу жұмысын жалғастырып, оған тағы бір том қосып, ақыры хижраның 710 жылы (1313ж) үш томдық жұмысын аяқтады. Бұл еңбек Азия халқының тарихы жазылған алғашқы жалпы парсы тарихы деп есептеледі.

Бағдаттың жаулауының суреттелуі Хожа Насыр ад-Дин Тусидің «Зайж Илхани¹» еңбегінде баяндалған. Илхандықтардың қызметінде болған Туси Марағе обсерваториясын құрып, оның жанынан үлкен ғылыми орталық пен үлкен кітапхана ұйымдастырған. Хулагу ханның Бағдатқа шабуылына қатысқан.

Аттамалек Джовейнидің тағы бір еңбегі – парсы тіліндегі «Таслийя әл-Ихван» деп аталатын трактатта Абақа қайтыс болғанға дейін және хижраның 680 жылына дейінгі Сұлтан Ахмад Тегудар заманының оқиғалары сипатталатын тармақшасы бар.

¹ «زیج الیخانی»

«Забда әт-Тауарих»² еңбегінің авторы Тимур Гуркани дәуірінің тарихшылары мен географтарының бірі Хафез Абри деген атпен белгілі болған. Бұл еңбектің төртінші томы Тимуридтер үкіметі туралы және ол автордың өз бақылауларының нәтижесі болғандықтан, құнды еңбек болып саналады. Тимурид Шахрухтың билігін сипаттауда оның кітабы түпнұсқа және оқиғалары шынайы болып табылады. Сол себепті, «Тахир ас-Саадин», «Маджам-ал Фасихи», «Рауза ас-Сафа» және «Хабиб аш-Шир» кітаптарының авторлары сол еңбектің оқиғаларын қолданған. [Kakhki, Yahaghi, 1399:182-183]

Фахр Банактидің ең маңызды еңбегі – «Рауза ули әл-баб фи марафа ат-тауарих уә әл-ансаб» немесе тоғыз бөлімнен тұрады және пайғамбарлар тарихынан басталып, мерекелер тарихын және патшалар туралы, сонымен қатар, парсы, Аббасид халифаты жойылғанға дейінгі Ислам тарихын, Ислам дәуіріндегі Иран ақындары және еврейлер тарихын, Христиан тарихын, Үндістан тарихы және Сұлтан Әбу Саидтың билігіне дейінгі моңғол тарихын қамтиды.

Абдулла бин Фазлулла Ширази Уассаф деген лақап есімімен танымал болған. Оның ең маңызды еңбектерінің бірі «Тарих-и Уассаф» деген атпен белгілі «Әл-Амсар және тазжийя әл-асарды талдау» кітабы. Джовейнидің «Джахангуша» тарихы мазмұнын аяқтаған. Еңбекті жазу хижраның 728 жылға дейін (1331ж) жалғасқан [Kakhki, Yahaghi, 1399:185-187].

«Хабиб ас-Сир Фи Ахбар әл-Башар» — «Хабиб әс-Сир» қысқаша атымен парсы тіліндегі дүниенің жалпы тарихына арналған Гияс ад-Дин Хандмир (881-109 h.ж.) жазған кітапты да атап өтуге болады. Бұл кітап алғы сөзден, кіріспеден, үш томнан тұрады. Үшінші томында Түркістан әулеті, Шыңғыс хан мен оның мұрагерлерінің Ирандағы билігі, Сұлтан Ахмад Тегудар мемлекетіне дейінгі оқиғалар, сонымен қатар Мысыр патшалары т.б туралы айтылады. Сонымен қатар, Әмір Темір Гуркан мемлекеті және оның балалары мен немерелері туралы да деректер бар. «Хабиб әс-Сирдің» басқа парсы тарихтарымен салыстырғандағы ерекшелігі – мазмұнының жан-жақтылығы мен сан алуандығы [Sajadi, Badrieh Fiyazi, Zakri, 1399:13-13].

Осындай еңбектердің қатарына Заджиддің «Хумаюннамесін» де жатқызуға болады. «Хумаюннаме» — Илхандық дәуірде жазылған алғашқы тарихи эпопея. Бұл еңбектің аз ғана бөлігі (1500 тармаққа жуық) моңғолдарға арналған.

Ахмад Табризидің «Шахншахнаме» туындысы да Илхандық дәуірдің көрнекті еңбегі хижраның 738 жылы аяқталған. Бұл еңбекте Шыңғыс ханның өмірі, оның ата-бабалары мен мұрагерлері және сұлтан Әбу Саид Баһадүр ханның билігіне дейінгі Илхандардың тарихы баяндалады. Бұл еңбек тарихи оқиғаларды жазып алу, моңғол дәуіріндегі әдет-ғұрыптарды білдіру және моңғол билеушілерін атап өту, сонымен қатар, нақты күні мен уақыты және қанша рет шабуыл жасағаны, қандай аумақтарды жаулап алғаны жайында мәлімет беретін Иран тарихындағы құнды дереккөздерінің бірі болып табылады [Afhami, Javani, Mehrnia 1398:57-58].

Илхани дәуірінің көрнекті дереккөздерінің тағы бірі- Хамдоллаһ Мостофидің «Зафарнаме» кітабы. Мостофи Иран мен Иранзамин мырзасы атағын Хулагу ханға, Байду үшін бір рет және Ғазан мен Сұлтан Әбу Саид үшін екі рет қолданған. Бұл «Зафарнаме» мен «Шахншахнамеде» алдыңғы моңғол хандарының ешқайсысына мұндай титулдар қолданылмаған, тарихшылар бұл атрибуттарды тек Илханидтер әулетінің патшаларына саналы және мақсатты түрде келтірген және осылайша, олардың Иран жері мен мәдениетіне жат ел билеушілері емес, Иран патшалары ретінде қабылдағанын көрсетеді. Бұл түсініктердің жиілігі әсіресе, «Зафарнамеде» көбірек кездеседі, бұл осы патшаларды ирандық деп танудың белгісі. Сонымен қатар, «Зафарнамеде», кейде «Шахншахнамеде» ақындар илхандарды Иран жерінің сақшысы ретінде көрсетіп, илхандарды Иран шекарасын

² "زبدة التواريخ"

жаулардан қорғайды деп білген. Мысалы, Кашани мен Мостофи Илхандардың Жошы және Шағатай билеушілерімен қақтығыстарына ирандық реңк берген. Илхандардың Берке мен Барактың шайқасында Илханды Иранның патшасы және оны Иранзаминнің иесі ретінде атап өтті. Осы тұрғыда, жау әскерін тұрандықтар мен түріктер деп атап, осылайша, шайқастарға толығымен ұлттық аспектілер берді.

Құбылай Қаған 663 хижра жылы Моңғол империясын төрт бөлікке бөлді және оның негізінде Хулагуды моңғолдағы үлесі ретінде Жейхуннан батысқа, Иран үстіртінен Месопотамияға дейінгі кең аумақты билейді деп шешті. Бұл империяның аумағы Сасанидтер билігіндегі жер көлемімен дерлік сәйкес келді, ал Хулагухан исмаилиттерді және Аббаси халифатын құлатып, жаулап алуларын кеңейтуімен, Ежелгі Иран мен Сасанидтердің Ираншахр шекараларын еске түсірді. Осылайша, Илхандар дәуірінде бір ғасырға жуық бір аймақты орталықтандырған мемлекет биледі. «Иранның тарихи атласы» кітабындағы Илхандық биліктің географиялық ауқымы да бұл мәліметті растайды [Kakhki, Yahaghi, 1399:182-203].

Қорытынды

Илхандық дәуірдегі Иранның ғылыми өмірінің әртүрлі аспектілерін зерттеу және зерделеу моңғол шапқыншылығының алғашқы кезеңі басылғаннан кейін, Илхандық биліктің күшеюімен Иранда бірнеше ғылыми іс-шаралар қайта жанданғанын және осы кезең ғалымдары көптеген құнды ғылыми еңбектер жазғанын, ғылымда жаңа тұжырымдар жасағанын көрсетеді. Осы маңызды дамуға себеп болған факторлардың қатарында Иранның басқа елдермен ғылыми байланыстарының артуымен өзара әрекеттестік пен қарым-қатынасты қамтамасыз еткен сол кезеңдегі ғылыми-зерттеу сапарларының өркендеуі, түрлі ұлттар мен өркениеттер арасындағы диалогтардың қалыптасуы мысал бола алады. Оған дәлел -бұл кезеңде пайда болған құнды тарихи жырлар

Осылайша, зерттеудің негізгі мақсаты – Илханидтер дәуірінде, яғни Хулагуханның Иранға келуі мен Илханидтер билігінің орнауынан бастап жазылған жүйелі тарихтағы ирандық болмысты және билік институтын заңдастыру мәселесінде жергілікті халықтың ұлттық бірегейлік негіздерін қайта жаңғырту мәселелерін зерттеу.

Илхандық сұлтандардың, әсіресе, ғылым адамдарына қатысты игі саясаты, Илхандар сарайының ғалымдарына ғылыми-зерттеу істері үшін қамтамасыз еткен қолайлы орта мен инфрақұрылыммен қатар, Марағе сияқты ғылыми орталықтарын ашқанын атап өтуге болады. Марағе обсерваториясы математика және астрономия білім беру және зерттеу орталығы, шиит ақидасының іліміне арналған Солтания мектебі, Раб-е Рашиди кітапханасы және Шанб-е Ғазан діни білім беру орталығы ислам елдерінен, әсіресе, Сирия, Мысыр, Қытай, Үндістан, Кіші Азия және Византия сияқты әлемнің түкпір-түкпірінен Иранға ғалымдарды тарту орталығына айналды. Жоғарыда айтылғандай, бұл екі жақты қарым-қатынастар Ирандағы ғылыми іс-әрекеттердің жандануында және Қиыр Шығыстан Батыс әлеміне дейінгі кеңістіктегі әртүрлі халықтармен осы жердің мұралары мен ғылыми тұжырымдарымен алмасуында Илхандық билік маңызды рөл атқарғанын айта келіп, осы биліктің ғылыми және мәдени саладағы оң және елеулі нәтижелерінің бірі ретінде қарастырылуға болады [Kakhki, Yahaghi, 1399:182-203].

Бұл зерттеу нәтижесі көрсеткендей, Илхандар билігі кезінде моңғол шапқыншылығы әкелген барлық күйреуге қарамастан, саяси күштердің білім беру институтын құруға ұмтылуы, интеллектуалдық ғылымдар ғылыми қоғамдардың назарында болғанына сол дәуірдің тарихи дереккөздеріндегі мәліметтер дәлел бола алады [Hamadani, 1395:103-108]. Сонымен қатар, Илхандық дәуір Иран тарихында керамика өнімдерін өндіруде керамиканың алтын ғасыры деп аталғанын да айтып өту орынды. Және де, осы билік дәуірінде алғаш рет

Құран Кәрімнің аяттарының астына парсы тіліндегі аудармасы жазылған. Бұл нұсқалар қазіргі сәтте, Ирандағы Марағе мұражайында сақталған.

Әдебиеттер:

- Браун А., тарих адабияты ایران از فردوسی تا سعدی، ترجمه مجتباتی ف و افشار غ. تهران، نشر مروارید ترابی م. (1394) پارسی نویسان سده‌های هفتم و هشتم. نوآندیشان
 جودکی ح (1399) نقدی بر کتاب: سنت ترجمه در عصر ایلخانان و تیموریان. نشریه نقدنامه تاریخ. شماره 1، صفحه 8-1
- دهقان نژاد، فولادی ف (1393) بازسازی و تطور علوم حکمی (منطق و فلسفه) در ایران عصر ایلخانان (654-736 ق) نشریه علمی علم و تمدن در اسلام. شماره دهم. ص 29-10
 دهقان نژاد، فولادی ف، رحمتی م (1401) مناسبات علمی ایران دوره ایلخانی با دیگر ملل و مناطق. پژوهشهای تاریخی ایران و اسلام، شماره 31، ص 270-297
 رضا افهمی، اصغر جوانی، سید محمد مهرنیا. شاهنامه بزرگ، سندی بر گفتمان ایرانیگری ایلخانان. مجله علمی - پژوهشی پژوهش‌های هنر، معماری و شهرسازی نظر. شماره 54، 1396. ص 64-57
 رمضان نرگسی ر (1389) سیر تکاملی ابعاد اجتماعی ولایت فقیه از دوران مغول تا مشروطه. معرفت فرهنگی اجتماعی، شماره 3
 سجادی ص، بدریه فیاضی ب، ذاکری ع (1399). بررسی مهمترین منابع و کتب احتساب در دوره های ایلخانان، تیموریان و ترکمان. مجله فقه و تاریخ تمدن، شماره 2، صفحه 23-13
 شیما شمسی، میترا شاطری. گفتمان مشروعیت حکومت در تاریخ‌نگاری عصر ایلخانی بر اساس سه نسخه شهنامه چنگیزی، شهنشاهنامه و جامع‌التواریخ. متن‌شناسی ادب فارسی. دوره 13، شماره 1 - شماره پیاپی 49، فروردین 1400، صفحه 78-55
 قالدون ف – قالدون ز (1396) مناسبات اقتصادی ایران در دوره ایلخانان و اردوی زرین. پژوهشنامه تاریخ – سال سوم – شماره نهم. ص 133-112
 کاخکی م، یاحقی م (1399) بازنمایی مفهوم ایران در عصر ایلخانی (بر اساس منظومه های تاریخی). پژوهش های ایران شناسی. شماره 2، ص 203-182
 همدانی ر (1395) مکاتبات رشیدی، ابن فوطی، مجمع‌الآداب فی معجم الألقاب؛ کاشانی، تاریخ اولجایتو، ص 103-108

References:

- Afhami R, Javani A, Mehrnia M (1396) *Shanameh bozorg, sanadi bar gofteman iranigarayi ilkhanan*. [Great Shahnameh, a document on the Iranism discourse of Ilkhans] // *Majaleh Elmi - pajooeshi pajooeshkadeh honar, memari va shahrsazi nazar*. shemareh 54, s 57-64. (in Persh)
- Afhami R, Javani A, Mehrnia M (1398) // *Majaleh elmi - pajooeshi pajooeshkadeh honar, memari va shahrsazi Nazar*. S57-73
- Brown E (1394) *History of Iranian literature from Ferdowsi to Saadi*, translated by Mojtabai F and Gholamhossein Afshar S. Tehran, Marvarid Publishing House. 1367 p.
- Dehghan Nejad A, Foladi F (1393) *Bazsazi va tatur olum hokemi (mantegh va falsafeh) dar Iran asr Ilkhanan (736-654 gh)*. [The reconstruction and development of jurisprudential sciences (logic and philosophy) in Iran during the Ilkhanate era (654-736 AD)] // *Nashrieh elmi alam va tamadan dar Eslam*. Shomareh daham. s 10-29.
- Dehghan Nejad A, Foladi F, Rahmati M (1401) *Monasebat elmi Iran doreh Ilkhani ba digar mellal va monategh*. [Iran's scientific relations during the Ilkhanate period with other nations and regions] // *Pajooeshhaye tarikh Iran va Eslam, shmareh 31, s 270-297*.
- Gholvand F, Gholvand Z (1396) *Monasebat egtesadi Iran dar doreh Ilkhanan va ordoye zarin [Iran's economic relations during Ilkhanate period and Golden Army]* // *Pajooeshnameh tarykh – sal-e sevom – shomareh naham*. S 112-133.

Hamadani R (1395) Makatabat rashidi, ebneh footi, majma aladab fi majam olalghab; Kashani, Tarikh oljaito [Correspondences of Rashidi, Ibn Foti, Majam al-Adab fi Majam al-Aqab; Kashani, History of Uljaito] s 103-108.

Joodaki H (1399) Naghdi bar ketab: sonnat tarjomeh dar asr Ilkhanan va Timorian [A review of the book: Translation tradition in the era of Ilkhans and Timurids] // Nashrieh Naghdnameh tarikh. Shomareh 1, safheh 1-8.

Kakhki M, Yahaghi M (1399) Baznemayi mafhoom Iran dar asr Ilkhani (bar asas manzumeh hae tarikhi) [Representation of the concept of Iran in the Ilkhanid era (based on historical systems)] // Pajooresh hai Iran shenasi. Shomareh 2, s 182-203.

Ramezan Narges R (1389) Syr takamely abead ejtemay valayat faghyyeh az doran moghul ta moshruteh [Evolutionary course of the social dimensions of Velayat al-Faqih from the Mughal era to the constitutional era] // Marefat farangy ejtemay, shomareh 3, s 106-118

Sajadi S, Badrieh Fiyazi B, Zakri E (1399). Barresi mohemtarin menabe va katb ehtesab dar doreh haie Ilkhanan, Timorian va Tarkaman [Examining the most important sources and accounting books in Ilkhanate, Timurid and Turkmen periods] // Majaleh fagheh va tarikh tamadan, shomareh 2, safheh 13-23

Shamsi Sh, Shateri M (1400) Gofteman moshruueyyat hokomat dar tarikhnegari asr Ilkhani bar asas-e seh noskhhe shahnameh changizi, shahenshahnameh va jameottavarikh [The discourse of the legitimacy of the government in the historiography of the Ilkhanid era based on three versions of the Shahnameh of Genghis, the Shahnameh and the Jame al-Tavarikh] // Matn shenasi adab farsi. Doreh 13, shomareh 1 - shmareh peyapi 49, farvardin, safheh 55- 78

Tarabi M (1394) Parsee nevisan sadehae haftam va hashtam [Persian writers of the 7th and 8th centuries. new thinkers] // Tehran, Navandishan

¹Батырхан Б.Ш. ²Чокатова А.М. ³Амирбекова С.К.

^{1,2,3}Институт востоковедение имени Р.Б.Сүлейменова, Алматы, Казахстан
E-mail: ¹hafizbolat@mail.ru, ²ch.aliya@mail.ru, ³sagynysh.amirbekova@mail.ru

СТАБИЛЬНОСТЬ ИРАНСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ И ИДЕНТИЧНОСТИ В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ МОНГОЛОВ

Аннотация. В культурной жизни Ирана отмечался упадок, вызванный монгольским нашествием на начальных этапах правления данной династий, затем с установлением Ильханского правительства в Иране начался период частичного возрождения ирано-исламской мысли и культуры. Ведь арабское вторжение в Иран, крах Сасанидов и возникновение ислама ослабили основы политического и религиозного единства иранского существования и ослабили его целостность. Исламское правительство заменило этническое и национальное правительство Ирана, а мировая религия ислам заменила зороастрийскую религию Ирана в течение трех столетий. Ираншахр или Иранское королевство также рухнуло. В течение нескольких столетий политическое единство страны Иран, то есть до правления ильханов, и особенно до возникновения власти династии Сефевидов, было ослаблено. Цель статьи - рассмотреть правителей Ильханства как спасителей иранского народа от влияния чужой культуры и реформаторов иранской национальной идентичности. Ильханиды использовали три дискурсивные стратегии: монгольскую, иранскую и исламскую, чтобы узаконить свое правление в Иране. В этом контексте Ильханиды сыграли важную роль в сохранении и модернизации интеллектуального и культурного наследия Ирана. По этой причине период Ильханства считается одним из фундаментальных аспектов иранской цивилизации, который привел к большим изменениям в культурной политике Ирана. В статье использованы методы факторного и текстового анализа, которые позволяют

определить основные элементы формирования столь уникальных дискурсов. Результаты, представленные в статье, позволили исследователям сделать вывод, что впервые в эпоху Ильханидов была предоставлена подходящая платформа и контекст для демонстрации различных аспектов иранской идентичности.

Таким образом, хотя поздние этапы монгольского нашествия в истории были своеобразным отступлением иранской культуры и цивилизации, в действительности, под влиянием другого языка и культуры, рассмотреть Иран, как заново открывший себя и ставший основой для переформирования своей забытой национальной идентичности, личности, языки и культуры – является основной идеей статьи.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Ранняя и средневековая история, культура Тюркского мира по новым уникальным материалам Ватикана и стран Западной Европы» (BR24993132).

Ключевые слова: иранская национальная идентичность в период Ильханата, национальная идентичность, средневековый Иран, монгольская эпоха в Иране, Хулагухан, Ильханиды.

¹ **Batyrkhan B.Sh.** ² **Chokatova A.M.** ³ **Amirbekova S.K.**

^{1,2,3} *R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.*

E-mail: ¹hafizbolat@mail.ru, ²ch.aliya@mail.ru, ³sagynysh.amirbekova@mail.ru

THE STABILITY OF IRANIAN CIVILIZATION AND IDENTITY DURING THE MONGOL PERIOD

Abstract. The cultural life of Iran experienced a decline due to the Mongol invasion in the early stages of the dynasty, then with the establishment of the Ilkhan government in Iran, a period of partial revival of Iranian-Islamic thought and culture began. After all, the Arab invasion of Iran, the collapse of the Sassanids and the rise of Islam weakened the foundations of the political and religious unity of Iranian existence and weakened its integrity. The Islamic government replaced the ethnic and national government of Iran, and the world religion of Islam replaced the Zoroastrian religion of Iran for three centuries. Iranshahr or the Iranian kingdom also collapsed. For several centuries, the political unity of the country of Iran, that is, before the rule of the Ilkhans, and especially before the emergence of the power of the Safavid dynasty, was weakened. The purpose of this article is to consider the rulers of the Ilkhanate as saviors of the Iranian people from the influence of foreign culture and reformers of Iranian national identity. The Ilkhanids used three discursive strategies: Mongol, Iranian and Islamic to legitimize their rule in Iran. In this context, the Ilkhanids played an important role in preserving and modernizing Iran's intellectual and cultural heritage. For this reason, the Ilkhanate period is considered one of the fundamental aspects of Iranian civilization, which brought about great changes in Iran's cultural policy. The article uses factorial and textual analysis methods to identify the main elements in the formation of such unique discourses. The results presented in the article allowed the researchers to conclude that for the first time, the Ilkhanid era provided a suitable platform and context for the display of various aspects of Iranian identity.

Thus, although the later stages of the Mongol invasion in history were a kind of retreat for Iranian culture and civilization, in reality, under the influence of another language and culture, to consider Iran as having rediscovered itself and become the basis for the reshaping of its forgotten national identity, personalities, languages and cultures is the main idea of the article.

Acknowledgement: The article was prepared as part of the implementation of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

«Early and medieval history, culture of the Turkic world based on new unique materials from the Vatican and Western European countries» (BR24993132).

Keywords: *Iranian national identity during the Ilkhanate period, national identity, medieval Iran, Mongol era in Iran, Hulaguhan, Ilkhanids.*

Авторлар туралы мәлімет:

Батырхан Болатбек Шәденұлы, PhD, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Чокатова Алия Муслимовна, PhD докторант, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Әмірбекова Сағыныш Көпенқызы, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан

Информация об авторах:

Батырхан Болатбек Шәденұлы, PhD, Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Чокатова Алия Муслимовна, PhD докторант, Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Амирбекова Сағыныш Копеновна, Научный сотрудник, Институт востоковедения имени Р.Б.Сулейменова, Алматы, Казахстан,

Information about authors:

Batyrhan Bolatbek, PhD, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Chokatova Aliya, PhD doctoral student, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Amirbekova Sagynysh Kopenovna, Researcher, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.